

Өнімдердің қолданылуы

Шығарылатын оксоөнімдердің 50-ден аса түрі бар. Оксоөнімдерді өндіретін ірі фирмалар: «Moncanto», «Union Carbide», «Eastmen Kodak», «Ingay Chemical» (АҚШ); «Ruhrchemie», «BASF» (Германия); «ICI», «Shell» (Англия); «Kuhlmann» (Франция); «Mitsubishi» (Япония). Олар: бутил спирті (қ- және изоқұрылысты), C_7-C_9 спирттері, 2-этилгексанол, 2-этилгексан қышқылы. Қазіргі кезде дүниежүзінде шығарылатын оксоөнімдер жылына ~7 млн т құрайды.

Гидроформилдеу өнімдерінің ішінде C_3-C_{19} спирттердің маңызы көп. Олар еріткіштер, стабилизаторлар, пластификаторлар ретінде пайдаланылады. Және де поливинилхлорид (ПВХ), жуғыш заттар, синтетикалық майлағыш майлар, фармацевтикалық препараттар және басқа да өндірістерде пластификаторлар ретінде қызмет атқарады.